

"Ғарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 1297 Қаулысы

Ескерту. Заңның жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2009.04.29. N 597 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Ғарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Ғ а р ы ш қ ы з м е т і т у р а л ы

Қазақстан Республикасының Заңы

Осы Заң Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуы, ұлттық қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету, халықаралық ынтымақтастығын кеңейту мақсатында жүзеге асырылатын ғарыш қызметі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және ғарыш қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың негізгі принциптерін айқындайды.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **ғарыш қызметі** - ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар жүргізуді, ғарыштық мақсаттағы арнаулы аспаптар мен жабдықтарды, зымыран-ғарыш техникасы мен технологияларын өндіруді, пайдалануды, жөндеуді және қайта жаңғыртуды қоса алғанда, ғарыш объектілері мен жер үсті ғарыш инфрақұрылым объектілерін құруға және/немесе пайдалануға байланысты ғарыш кеңістігін пайдалану ж ө н і н д е г і қ ы з м е т ;

2) **ғарыш объектісі** - ғарыш кеңістігінде пайдалануға арналған аппарат, техникалық қ ұ р ы л ғ ы ;

3) **ғарыш айлағы** - шығару құралдарын/ғарыш объектілерін іске қосуды/ұшыруды дайындауға және жүзеге асыруға арналған жер учаскелерімен бірге құрылыстар және т е х н и к а л ы қ құ р а л д а р к е ш е н і ;

4) **Қазақстан Республикасының ғарышкері** - ғарышкерлер даярлау жөніндегі мамандандырылған мекемеде арнаулы даярлықтан өткен және тиісті құжат алған және/немесе ғарыш бағдарламаларын орындау мақсатында ғарыштық ұшуға қатысқан Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң а з а м а т ы ;

5) **жер үсті ғарыш инфрақұрылымы** - техникалық және технологиялық жүйелерімен

және жабдықтарымен қоса, жер үсті құрылыстары, ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде тікелей пайдаланылатын Қазақстан Республикасы аумағының учаскелері;

6) **зымыран-тасығыштардан бөлініп шыққан бөліктерінің құлау аудандары** - зымыран-тасығыштардан бөлініп шыққан бөліктерін қабылдау үшін пайдаланылатын а у м а қ т ы ң у ч а с к е л е р і ;

7) **шығаратын құралдар** - ғарыш объектілерін ғарыш кеңістігіне шығаруға арналған зымыран-тасығыштар, айдау блоктары, авиациялық зымырандық-ғарыштық жүйелер;

8) **уәкілетті орган** - ғарыш қызметі саласындағы басқару мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

9) **ғарыш қызметінің қатысушылары** - осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында ғарыш қызметін жүзеге асыратын жеке, заңды тұлғалар.

2-бап. Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен ғарыш қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағы бардан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

3-бап. Ғарыш қызметінің мақсаттары

Ғарыш қызметінің мақсаттары мыналар болып табылады:

1) ғарыш техникасы мен технологияларын ұтымды және тиімді пайдалану арқылы Қазақстанның экономикалық дамуына, республика халқының әл-ауқатын арттыруға ж ә р д е м д е с у ;

2) Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және зияткерлік әлеуетін нығайту, Жер және ғарыш туралы ғылымды дамыту;

3) Қазақстан Республикасының қорғанысын нығайтуға және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ж ә р д е м д е с у ;

4) дүниежүзілік экономикалық байланыстар жүйесіне одан әрі интеграциялану және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделеріне орай Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастығын дамыту.

4-бап. Ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері

1. Ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мыналар бо л ы п та б ы л а д ы :

1) ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде ұлттық қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз етуді қоса алғанда, ұлттық мүдделерді сақтау;

2) ғарыш қызметін дамытудың басым бағыттарын қолдау;

3) ғарыш қызметін экономикалық ынталандыру;

4) ғарыш қызметі саласындағы жобаларға міндетті мемлекеттік сараптама жасау;

5) техникалық реттеу саласындағы қауіпсіздік, экологиялық қауіпсіздік талаптарын

сақтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығын қамтамасыз ету;

б) ғарыш қызметі саласындағы халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған принциптері мен нормаларына адал болу.

2. Ғарыш қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияны, сондай-ақ зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты және оны жүзеге асыру жөніндегі шараларды әзірлейді;

2) ғарыш қызметін дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейді;

3) Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелерін үйлестіреді;

4) Қазақстан Республикасының мүдделеріне орай Қазақстан Республикасының аумағынан, сондай-ақ оның аумағынан тыс жерлерде шығару құралдарын/ғарыш объектілерін іске қосуды/ұшыруды Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары жүзеге асырған жағдайда уәкілетті органның ұсынысы бойынша ол туралы шешімді қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының аумағынан шетел мемлекеттерінің шығару құралдарын/ғарыш объектілерін іске қосуды/ұшыруды келіседі;

6) шетелдік заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ғарыштық жер үсті инфрақұрылымын пайдалану мәселелері жөнінде шешім қабылдайды.

6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

1. Уәкілетті орган:

1) ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыс жүргізуді қоса алғанда, ғарыш қызметі саласындағы бағдарламалар мен жобаларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметіне ғарыш қызметін дамытудың басым бағыттары бойынша, сондай-ақ ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді және енгізеді;

4) ғарыш қызметін лицензиялауды жүзеге асырады;

5) өз құзыреті шегінде ғарыш қызметі саласындағы бақылауды жүзеге асырады;

6) ғарыш қызметі саласындағы жобаларға салалық сараптама жасауды жүзеге асырады;

7) ғарыш объектілерін тіркеуді жүзеге асырады;

8) ғарыш қызметі үшін кадрларды даярлау, мамандарды қайта даярлау және

біліктілігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

9) ғарыш қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен халықаралық шарттардың жобаларын әзірлейді;

10) өз құзыреті шегінде ғарыш қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне орай жүзеге асырылатын ғарыш қызметі саласындағы жобалар қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып іске асырылады.

7-бап. Ғарыш қызметі саласындағы жобаларға салалық сараптама жасау

1. Ғарыш қызметі саласындағы барлық жобаларға салалық сараптама жасалуға тиіс.

2. Ғарыш қызметі саласындағы жобаға салалық сараптама жасау кезінде оның Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі саласындағы заңнамасына сәйкестігіне, сондай-ақ ғылыми-техникалық деңгейі мен жобаның қауіпсіздігіне бағалау жүргізіледі.

3. Салалық сараптама жасау нәтижелері бойынша оң қорытынды ғарыш қызметі саласындағы жобаларды іске асырудың қажетті шарты болып табылады.

4. Салалық сараптама жасау мақсатында уәкілетті органның өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалар ішінен, оның ішінде шетел мемлекеттерінен мамандарды, консультанттар мен сарапшыларды тартуға құқығы бар.

5. Ғарыш қызметі саласындағы жобалар салалық сараптама жасау кезінде қорғаныс саласындағы уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

8-бап. Ғарыш объектілері

1. Ғарыш кеңістігіне ұшырылатын Қазақстан Республикасының ғарыш объектілерінің олардың Қазақстан Республикасына тиесілі екендігін куәландыратын таңбасы болуы тиіс және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелуге ж а т а д ы .

2. Қазақстан Республикасы өзіне тіркелген ғарыш объектілерінің Қазақстан Республикасының аумағында және олардың одан тыс жерлерде, сондай-ақ ғарыш кеңістігінде болуы кезінде оларға юрисдикциясын сақтайды.

3. Егер, ғарыш объектісін ғарыш қызметіне қатысушылар басқа мемлекеттердің ұйымдарымен немесе халықаралық ұйымдармен бірлесе отырып құрған және/немесе ұшырған жағдайда оны тіркеу мәселесі жасасылған халықаралық шарттарға сәйкес ш е ш і л е д і .

4. Ғарыш объектілерін ұшыру және олардың құралдарын Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіне шығару Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

9-бап. Ғарыш қызметі саласындағы жобаларды қаржыландыру

1. Ғарыш қызметі саласындағы жобаларды іске асыру мемлекеттік және салалық (секторлық) бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылады.

2. Ғарыш қызметі саласындағы жобаларды қаржыландыру бюджет қаражаттары және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

10-бап. Ғарыш қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасындағы ғарыш қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қауіпсіздік талаптары сақтала отырып, оның ішінде қоршаған ортаға және халық денсаулығының жай-күйіне әсер ететін шекті жол берілетін нормалар ескеріле отырып жүзеге асырылады.

2. Ғарыш қызметінің қатысушылары техникалық реттеу, қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнаманың талаптарын сақтауға міндетті.

3. Ғарыш қызметі саласындағы жобалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жасауға жатады.

4. Шетел мемлекетінің ғарыш объектісі оны ғарыш кеңістігіне шығару немесе Жерге оралуы процесінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органының, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалану, қорғаныс, төтенше жағдайлар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарының осындай ұшудың уақыты, орны, траекториясы және өзге де жағдайлары туралы алдын ала хабарламасы болған жағдайда Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы ұшуды жүзеге асыруы мүмкін.

5. Ғарыш қызметін жүзеге асыру процесінде келтірілген залал үшін жауапкершілік және осыған байланысты туындаған талаптарды реттеу мәселелері халықаралық шарттардың нормаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

6. Ғарыш объектілерін ұшыруларды жүзеге асыратын ғарыш қызметінің қатысушылары ұшыруға дейін 7 тәуліктен кешіктірмей уәкілетті органды, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалану, қорғаныс, төтенше жағдайлар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарды және тиісті жергілікті атқарушы органдарды ғарыштық объектіні ұшырудың уақыты мен ықтимал тәуекелдердің сипаты туралы хабарландырады.

Хабарламада: ғарыш объектісінің атауы, оның орбитасының параметрлері, ұшыру орны, шығару құралдарының атауы, шығару құралдарын іске қосу азимуты, зымыран отынының компоненттері және айдау блогы мен ғарыш объектілеріндегі шығару құралдары сатыларындағы олардың мөлшері, олардың сатыларындағы зымыран отыны компоненттері қалдықтарының кепілдік берілетін мөлшері, зымыран-тасығыштардан бөлініп шығатын бөліктерінің құлау аудандары, күні (негізгі және резервтік) және ғарыш объектісін ұшырудың есепке алынатын уақыты көрсетіледі.

Ғарыш объектісін ұшыру күні өзгерген немесе ұшыруды резервтік күнге ауыстырған кезде ғарыш қызметінің қатысушылары бұл туралы уәкілетті органдарға, осы тармақта көрсетілгендерді, ұшырудың жаңа күніне дейін 24 сағаттан кешіктірмей х а б а р л а й д ы .

7. Ғарыш қызметінің қатысушылары ғарыш объектісінің жүргізілген ұшырылуынан кейін осы баптың 7-тармағында көрсетілген уәкілетті органдарға ұшыру фактісі туралы, шығару құралдарын іске қосу кезінде авария болған жағдайда - авария фактісі туралы, оның ықтимал зардаптары және авария зардаптарын бағалау мен жою жөніндегі қолданылатын шаралар туралы жазбаша хабарлайды.

8. Уәкілетті орган осы баптың 7 және 8-тармақтарында көрсетілген хабарламаны алған кезде тиісті ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне жібереді (авария болған жағдайда ақпарат жедел байланыс арналары бойынша дереу жіберіледі).

9. Ғарыш қызметінің қатысушылары ғарыш объектісін ұшыру жүргізілгеннен кейінгі он күн мерзімде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға мынадай ақпаратты: Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан зымыран-тасығыштардан бөлініп шыққан бөліктердің құлау аудандарындағы зымыран-тасығыштардан бөлініп шығатын бөліктердің құлау нүктелерінің координаттарын, зымыран отыны компоненттерінің төгілуі және аумақты детоксикациялау мен бабына келтіру бойынша жүргізілген жұмыстар туралы мәліметтерді жібереді.

10. Табиғи ресурстарды, қоршаған ортаға ластайтын шығарындыларды және тастауларды пайдалануды жүзеге асыру, өндіріс қалдықтарын орналастыру және ғарыш қызметі процесінде қолдану үшін ғарыш қызметінің қатысушылары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен берілетін табиғатты пайдалануға арналған рұқсатты алады.

11. Ғарыш қызметі нәтижесінде ластанған зымыран-тасығыштардан бөлініп шыққан бөліктердің құлау аудандарының аумақтары, сондай-ақ зымыранды іске қосу кезіндегі авария нәтижесінде ластануға ұшыраған аудандар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдармен және жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша жер ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тазартылуға және бапталуға жатады.

12. Ғарыш қызметінің қатысушылары ғарыш қызметін жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдерді сақтандыру шаралары бойынша қажетті шараларды қолданады.

11-бап. Қоршаған ортаның мониторингі және ғарыш қызметінің әсеріне ұшыраған өңірлердегі халық денсаулығының жай-күйін бақылау

1. Қоршаған ортаның және ғарыш қызметі процесіндегі табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингін Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі шеңберінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

2. Ғарыш қызметінің қатысушылары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өндірістік экологиялық бақылауды және қоршаған ортаны мониторингін жүзеге асыруға міндетті.

3. Қоршаған ортаны және ғарыш қызметі процесінде халықтың денсаулығын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдар жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының аумағында ғарыш қызметін жүзеге асыруға байланысты қоршаған ортаны қорғау және төтенше жағдайлар саласындағы ақпараттар ашық ақпараттар болып табылады.

12-бап. Ғарыш қызметі саласындағы бақылау

1. Ғарыш қызметі саласындағы бақылауды уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздерінің құзыреті шегінде жүзеге асырады.

2. Ғарыш қызметіне қатысушылардың қызметін тексеру осы Заңға, Қазақстан Республикасының дара кәсіпкерлік туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының өзге заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Ғарыш қызметіне қатысушылардың қызметін тексеру мынадай түрлерге бөлінеді:

1) жоспарлы - мемлекеттік органның тексеру жоспарына сәйкес екі жылда бір р е т т е н ж и і е м е с ;

2) іріктелген - жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты ғарыш қызметіне қатысушылар қызметінің жекелеген мәселелері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдары талаптарының бұзылуын бақылау және қадағалау функцияларының орындалуы шеңберінде мемлекеттік орган анықтаған жағдайда.

4. Тексеру мемлекеттік органның тексеруді тағайындау туралы актісінің негізінде ж ү р г і з і л е д і .

5. Тексеру жүргізу мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс, арнайы зерттеулер, сынаулар, сараптамалар жасауды жүргізу қажет болатын ерекше жағдайларда, сондай-ақ мемлекеттік орган басшысының (немесе оның орнын алмастыратын адамның) елеулі көлемде болатын көлемді тексеруіне байланысты тексерулер жүргізу мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ күнтізбелік отыз күннен аспайды, бұл туралы тексеруді ұзарту туралы қосымша актімен ресімделеді.

6. Тексеруді жүзеге асырушы мемлекеттік органның лауазымды адамының тексеру нәтижелері бойынша тексерудің нәтижесі туралы акт жасалады.

7. Тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша ғарыш қызметінің қатысушысы тексеруді жүргізген мемлекеттік органның басшысымен келісілген анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданатын шаралар туралы мерзімін көрсете отырып, қарсылықтар болмаған жағдайда үш күндік мерзімде ақпараттар ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і .

8. Тексеру нәтижесінде анықталған кемшіліктер жойылмаған жағдайда, ғарыш қызметінің қатысушылары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

13-бап. Ғарыш қызметін жүзеге асыру кезіндегі уақиғаны тергеу

1. Ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде болған авариялар мен апаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тергелуге жатады.

2. Авариялар мен апаттар зардаптарының себептерін тергеу және бағалау үшін үкімет комиссиясы құрылуы мүмкін.

14-бап. Ғарыш қызметі саласындағы мамандарды аттестаттау

1. Ғарыш қызметі саласындағы мамандарды аттестаттау олардың атқарып отырған лауазымдары талаптарының кәсіптік деңгейіне сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

2. Уәкілетті орган мамандарға тұрақты аттестаттау өткізілуге тиісті ғарыш қызметі саласындағы мамандықтар мен лауазымдардың номенклатурасын, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша аттестаттауды өткізу тәртібін айқындайды.

15-бап. Қазақстан Республикасы ғарышкерінің құқықтық жағдайы

1. Қазақстан Республикасының ғарышкерлерін даярлауды мемлекет қаржыландырады.

2. Қазақстан Республикасының ғарышкерлерін даярлау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

3. Қазақстан Республикасы ғарышкерлерінің ғарышқа ұшуға дайындығы және оны орындауы тараптар міндеттемелері айқындалатын ғарыш қызметінің тиісті қатысушысымен (ғарыштық ұшу жүзеге асырылған жағдайда ұшу-ғарыштық сынауларды және/немесе ғылыми зерттеулер мен эксперименттерді жүргізетін мемлекеттік тапсырысшы) жасасылған келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының ғарышкерінің денсаулығына орбитаға шығуы кезінде ғарыш айлағының старттық позициясында, ғарыштық ұшуды орындау немесе жерге оралуы кезеңінде болған авариялар нәтижесінде зиян келтірілген (қайтыс болған) жағдайда Қазақстан Республикасының ғарышкеріне (оның мұрагеріне) келісім-шартта белгіленген мөлшерде тиісті біржолғы ақшалай төлем төленеді.

5. Қазақстан Республикасының ғарышкерін зейнетақымен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

16-бап. Ғарыш қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру

1. Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ғарыш қызметі саласында тең құқықты, өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Ғарыш қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты уәкілетті орган және ғарыш қызметіне қатысушылар Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

17-бап. Ғарыш қызметі саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі саласындағы заңнамасын бұзушылық
Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК